



Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру комитеті

Төрағасының

2020 жылғы « 15 » қаңтар

№ 29 бұйрығымен

БЕКІТІЛГЕН

«Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігінің

**ЖАРҒЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2020 жыл

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттің жүз пайыз қатысуы бар «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды және әділет органдарында тіркелді.

2. Серіктестіктің құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - ММЖК) атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

ММЖК орналасқан жері:

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Жеңіс даңғылы, 11

БСН 980240000950

ЖСК KZ92070101KSN0000000

СТН 031400130617

БСК ККМЕКZ2A

ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті ММ.

3. Серіктестіктің Жалғыз қатысушы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Жалғыз қатысушы) болып табылады, ол Серіктестікте 100% қатысу үлесін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асырады және заңнамаға сәйкес қатысушылардың жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелер бойынша Жалғыз қатысушы ретінде мемлекеттің мүддесін білдіреді.

Жалғыз қатысушының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, «Министрліктер үйі».

## 2. Серіктестіктің заңдық мәртебесі

4. Серіктестік мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлғаның құқықтарына ие болады, оның дербес балансы, банк шоттары бар.

5. Серіктестіктің өзінің атауы көрсетілген мөрі, бланкілері және өз қызметін жүзеге асыруға қажетті өзге де деректемелері бар.

6. Серіктестік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі Заңын (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

7. Серіктестік өзге де заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.

8. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Серіктестік өзі орналасқан жерден тыс орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және Серіктестіктің атынан және оның тапсыруымен

өздері туралы Ереженің негізінде әрекет ететін филиалдарды (өкілдіктерді) құруға құқылы.

9. Серіктестіктің фирмалық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

2) орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Центр исследований, анализа и оценки эффективности».

10. Серіктестіктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, «Министрліктер үйі».

11. Серіктестік осы Жарғыда көзделген қызметті жүзеге асыру кезінде барлық азаматтық құқықтарға ие болады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндеттерді атқарады.

12. Серіктестік өз қызметінің мақсаттарына жету үшін өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттемелер алуға, соттарда талапкер және жауапкер болуға құқылы.

13. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

14. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, Серіктестік Жалғыз қатысушының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

15. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы өзі енгізген салымның құны шегінде Серіктестіктің қызметіне байланысты шығындар тәуекеліне жауапты болады.

16. Серіктестік өз қызметі нәтижелерінің бухгалтерлік есебін жүзеге асырады, заңнамаға сәйкес статистикалық және қаржылық есептілікті жүргізеді, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдарға белгіленген тәртіппен қаржылық, салықтық және статистикалық есептілікті ұсынады.

17. Серіктестік заңнамаға сәйкес есепке алу және есептіліктің барлық нысандарын жүргізу тәртібі мен дұрыстығын сақтамағаны үшін жауапты болады.

18. Серіктестік заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының банктерінде және өзге де қаржы ұйымдарында ұлттық валютада, сондай-ақ шетел валютасында да шоттар ашады.

### **3. Серіктестіктің мақсаттары және қызметінің түрлері**

19. Серіктестік мемлекеттік органдарды мемлекеттік бағалау жүйесін институционалдық нығайту, мемлекеттік аудитке және қаржылық бақылауды дамыту мен жетілдіруге ықпал ету, мемлекеттік аудиттің кәсіби құзыретті кадрларын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ табыс табу мақсатында құрылды.

20. Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Серіктестік мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) орталық мемлекеттік және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қызметін ұйымдастырушылық, сараптамалық-талдамалық, әдіснамалық сүйемелдеуді және олардың қызметінің тиімділігін бағалауға қатысу;

2) бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингін қалыптастыруды және оны ұйымдастырушылық, әдіснамалық сүйемелдеу;

3) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, экономика, қаржы, мемлекеттік басқару саласында ғылыми, талдамалық және өзге де зерттеулер жүргізуді, консультациялық (консалтингтік) қызметтер көрсетуді;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, экономика, қаржы, мемлекеттік басқару саласында ақпараттық-талдамалық және сараптау қызметтерін көрсету;

5) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау кадрларын даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды, сондай-ақ экономика, қаржы, мемлекеттік басқару саласында оқыту курстарын өткізу;

6) мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың білімін растау;

7) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау, экономика және қаржы саласындағы ғылыми, ғылыми-әдістемелік, әдіснамалық, оқу, талдамалық және мерзімді басылымдар, сондай-ақ өз типографиясын құрусыз анықтамалық-ақпараттық әдебиеттер әзірлеуді және шығару;

21. Серіктестік мынайдай қызметтерді атқарады:

1) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жұмыскерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеу;

2) семинарлар, тренингтер, шеберлік сыныптарын, форумдар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, кеңестер және өзге де іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу;

3) халықаралық ынтымақтастықты дамытуды және Серіктестік қызметінде шетелдік ұйымдармен өзара іс-қимыл нәтижелерін пайдалану;

#### 4. Серіктестіктің органдары

22. Серіктестіктің органдары:

1) Серіктестіктің жоғары органы – Жалғыз қатысушы;

2) Серіктестіктің алқалы қадағалаушы органы – Қадағалаушы кеңес;

3) Серіктестіктің атқарушы органы - Директор.

23. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының айрықша құзыретіне:

1) оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді немесе Серіктестік Жарғысын жаңа редакцияда бекітуді қоса алғанда, осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- 2) Серіктестіктің Директорын және Директордың орынбасарларын тағайындау, Директорды және оның орынбасарларын тәртіптік жауаптылыққа тарту, олардың уәкілеттілік мерзімін айқындау, сондай-ақ Директордың және оның орынбасарларының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 3) Қадағалаушы кеңес құру;
- 4) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты бөлу;
- 5) Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешімдер қабылдау;
- 6) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;
- 7) Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім қабылдау;
- 8) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бекіту;
- 9) Жалғыз қатысушы Серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені қарастыруға қабылдауға құқылы;
- 10) заңнамада және осы Жарғыда белгіленген өзге де мәселелер жатады.

## **5. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының құқықтары мен міндеттері**

24. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы:
  - 1) Серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;
  - 2) Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;
  - 3) Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған Серіктестіктің мүлкіндегі өз үлесіне сәйкес келетін мүлкінің бір бөлігін немесе оның құнын алуға;
  - 4) өзінің Заңда және (немесе) Серіктестіктің жарғысында көзделген құқықтарын бұзатын Серіктестік органдарының шешімдерін сот тәртібімен даулауға құқылы.
25. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы:
  - 1) осы Жарғының талаптарын сақтауға;
  - 2) Серіктестіктің жарғылық капиталына құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімдерде салымдар енгізуге;
  - 3) Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге.
  - 4) қабылданатын шешімдерді жазбаша ресімдеуге міндетті.
26. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді атқаруы мүмкін.

## 6. Қадағалаушы кеңес

27. Құрамы кемінде 3 (үш) адамнан тұратын Қадағалаушы кеңесті Жалғыз қатысушы үш жыл мерзімге құрады және ол Серіктестіктің қызметіне бақылауды жүзеге асыратын алқалы қадағалаушы орган болып табылады.

28. Қадағалаушы кеңестің сандық және жеке құрамын Жалғыз қатысушы белгілейді, бұл ретте Қадағалаушы кеңестің құрамына Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Жалғыз қатысушының және ММЖК-ның өкілдері кіреді, ал Қадағалаушы кеңестің төрағасы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары болып табылады.

29. Директор Қадағалаушы кеңестің мүшесі бола алмайды.

30. Қадағалаушы кеңесті сайлау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қадағалаушы кеңестің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, Қадағалаушы кеңес туралы ережелерді бекіту Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне.

31. Қадағалаушы кеңестің құзыретіне:

- 1) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) Серіктестіктің ұйымдық құрылымын және штат санын келісу;
- 3) Директордың орынбасарларын қызметке тағайындау мен босатуды келісу;
- 4) Қадағалаушы кеңес хатшысын тағайындау және оның өкілеттік мерзімдерін айқындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 5) Серіктестіктің жыл қорытындысы бойынша қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты қарау жатады.

32. Қадағалаушы кеңестің төрағасы Қадағалаушы кеңестің жұмысын басқарады, Қадағалаушы кеңестің отырыстарын өткізуді ұйымдастырады, оларда төрағалық етеді және Қадағалаушы кеңес отырыстарының хаттамаларына қол қояды.

33. Қадағалаушы кеңестің төрағасы Қадағалаушы кеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

34. Қадағалаушы кеңес қажеттілігіне қарай шақырылады.

35. Егер шешім Қадағалаушы кеңес мүшелерінің отырысына қатысушылардың көпшілік даусымен қабылданған болса, Қадағалаушы кеңес Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Жалғыз қатысушының құзыретіне жататын мәселелерді өз бастамасымен Жалғыз қатысушының қарауына шығаруға құқылы.

36. Заңнамаға, осы Жарғыға және Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

## 7. Атқарушы орган

37. Серіктестіктің атқарушы органы Директор болып табылады, ол Жалғыз қатысушыға және Қадағалаушы кеңеске есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Жалғыз қатысушы Директорды тағайындаған кезде еңбек қатынастары еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

38. Директордың құзыретіне Жалғыз қатысушы мен Қадағалаушы кеңестің құзыретіне жатпайтын Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады.

39. Серіктестік Директорының өкілеттіктері:

1) Жалғыз қатысушымен және осы Жарғымен берілген өкілеттіктер шегінде Серіктестіктің қызметі мәселелері бойынша мемлекеттік органдарды, соттарды қоса алғанда, ұйымдармен қатынастарда Серіктестіктің мүддесін білдіре отырып, Серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) Серіктестік атынан әрекет ету құқығына сенімхаттар, соның ішінде қайта сенім білдіру құқығымен сенімхаттар береді;

3) банк шоттарын ашады;

4) Серіктестік жұмыскерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау, оларды ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін айқындайды, лауазымдық жалақы мен дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, сыйақы беру мәселесін шешеді, ынталандыру шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалар қолданады;

5) Жалғыз қатысушыға, Қадағалаушы кеңеске Серіктестіктің Даму жоспарын және оның орындалуы туралы есептерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде әзірлеу мен ұсынуды қамтамасыз етеді;

6) Серіктестіктің жұмыскерлеріне қатысты Серіктестік атынан еңбек шарттарын жасасады және бұзады;

7) әңгімелесу қорытындылары бойынша және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалаумен және бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингін жүргізумен айналысатын Серіктестіктің жұмыскерлеріне қатысты Серіктестік атынан еңбек шарттарын жасасады және бұзады;

8) Серіктестік атынан барлық шарт түрлерін жасасады және бұзады, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

9) өз орынбасарларының және Серіктестіктің басқа да жұмыскерлерінің құзыретін белгілейді;

10) Серіктестіктің ұйымдық құрылымын және штат санын бекітеді;

11) осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Серіктестіктің барлық жұмыскерлері орындауға міндетті бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

12) Жалғыз қатысушының немесе Қадағалаушы кеңестің құзыреттеріне жатпайтын өзге де өкілеттіктерді, сондай-ақ оған Жалғыз қатысушы берген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## **8. Қаржылық есептілік, есепке алу құжаттамасы және аудит**

40. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамаға және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

41. Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит Жалғыз қатысушының бастамасымен де жүргізілуі мүмкін.

Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жағдайын тексеру мен растау үшін Серіктестік Жалғыз қатысушымен мүліктік мүдделерімен байланысты емес аудиторлық ұйымды тартады.

## **9. Серіктестіктің таза табысын оның қатысушылары арасында бөлу**

42. Серіктестіктің бір жылдық қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза табысын бөлу Жалғыз қатысушының шешіміне сәйкес жүргізіледі.

## **10. Жалғыз қатысушыға Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат берудің тәртібі мен мерзімдері**

43. Серіктестік Жалғыз қатысушының талабы бойынша Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

44. Атқарушы орган Жалғыз қатысушының жазбаша сұрау салуы бойынша Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты оның шешімінде белгіленген мерзімдерде ұсынады.

45. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат көлемін ұсыну тәртібі Жалғыз қатысушының шешімімен белгіленеді.

46. Жалғыз қатысушының шешімі бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгеруі мүмкін.

47. Серіктестіктің жарғылық капиталын өзгерту (ұлғайту немесе азайту) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

## **11. Серіктестіктің мүлкі және жарғылық капиталының мөлшері**

48. Серіктестіктің мүлкі Жалғыз қатысушының салымдары, Серіктестіктің алған табыстары, сондай-ақ заңнамамен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

49. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің мүлкі оның балансында ескеріледі.



50. Мемлекеттік тіркеу сәтінде Серіктестіктің жарғылық капиталы 42 899 000 (қырық екі миллион сегіз жүз тоқсан тоғыз мың) теңгені құрайды.

## 12. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату

51. Серіктестік Жалғыз қатысушының шешімімен не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

52. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

## 13. Қорытынды ережелер

53. Серіктестік өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

54. Заңды тұлғаның құқықтық қабілеті оның құрылған сәтінен бастап туындайды және оны таратуды аяқтау сәтінде тоқтатылады. Заңды тұлғаның рұқсат алуды қажет ететін қызмет саласындағы құқықтық қабілеті мұндай рұқсатты алған сәттен бастап туындайды және оны алып қойған, қолданылу мерзімі өткен немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленгендей жарамсыз деп танылған сәтте тоқтатылады.

Төраға



Б. Тәшенов



**БҰЙРЫҚ**

25.05.2021г.

Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 43-4/К

город Нур-Султан

**«Зерттеулер, талдау және  
тиімділікті бағалау орталығы»  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігінің жарғысына  
толықтыру енгізу туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» және «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғысына мынадай толықтыру енгізілсін:

31-тармақ мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

«б) Даму жоспарын және оның орындалуы жөніндегі есептерді, Даму жоспарын жыл сайынғы нақтылауды, Даму жоспарын жартыжылдық нақтылауды бекіту.».

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Төрағанын  
міндетін атқарушы**

**А. Тенгебаев**